

Қызықты саяхатКобланова Алима Реджеповна
"№46 "Балбұлақ" балабақшасы" МКҚК
әдіскері

Мақсаты: Жағымды эмоционалды реакцияны ояту, балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Міндеті:

- Балалардың биге, әнге, әуенге деген қабілеттерін дамыту;

- Балаларды әуендік іс-әрекеттердің барлығына белсенді қатысуына ынталандыру;

- Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың музыкаға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тұрақты қалыптастыру, би мен ән шығармашылығының элементтерін қалыптастыру, музыкалық қабылдау, адамгершілік және эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.

Іс-шараның өткізілу формасы: Квест ойын технологиясы бойынша ересек топ балаларына арналған мерекелік ойын-сауық.

Мерекеге алдын-ала дайындықтар: Әуендік репертуар таңдау, әндерді, өлеңдерді, билерді, ойындарды қайталау, дайындықтар жүргізу.

Декорациялар: талдар, гүлдер, көбелектер, құстар. Өткізу орны: ән-саз залы.

Мерекеге арналған материалдар мен құралдар: музыкалық орталық, қоян, аю, панда, айдаһар костюмдері.

Ойын сауық жүрісі:

Жүргізуші: Біз бәріміз, балаларда, үлкендерде саяхаттағанды жақсы көреміз. Бірақ, өкінішке орай, оған біздің уақытымыз бола бермейді. Сондықтан біз бүгін сондай мүмкіндікті барлықтарыңызға сыйлаймыз. Біз қызықты саяхатқа шығамыз. Бірақ, балалар біз жолда ертегілердегі кейіпкерлермен кездесуіміз мүмкін. Сіздер, олардың барлықтапсырмаларын орындауға дайынсындарма?

Балалар: Ия

Саяхатқа балалар,

Шақырады бақшамыз

Қонақтармен балаларды,

Паровозда күтуде,

Аттанайық ал, енді,

Болайық қәне көңілді.

Би «Көңілді паровоз»

Жүргізуші: Бұл не қандай станция? Перронда да жан жоқ. Ешкім бізді қарсы алған да жоқ. Ой, мынау кім жылап жатырған? (Екі бала жылап шығады).

Қыз: Енді не істейміз достар, көңілді, жақсы әнмен көңілдене саяхатқа шыққан қандай жақсы, бірақ біздің әніміздің ноталары жоғалып кетті.

Бала: Ал мен бізге кім көмектесетінін білемін. (Ән-

саз жетекшісіне келеді)

Балалар: Ольга Григорьевна, біздің әніміздің әуенін ойнап, көмектесіңізші бізге. Әннің әуенін ойнай алар емеспін, ноталардыда таба алмай жатырмын. Бірақ хат келіп тұр, оқиыншы сіздерге: «Ән саяхаттағысы келіп, ертегілерге ұшып кетті. Ал ертегі болса, жер бетінде өте көп, сол ертегілерден іздендер балалар»

Қыз: Ал мен саяхатымыздың бағытын білемін.

Бала: Біз сіздерді достар, сиқырлы армандар еліне шақырамыз, ол жерде қайырымды ертегілер бар. Онда гүлдердің дауыстары естіліп, керемет хош иіс шығады. Өзендері жылдам ағар, ал бізді көп керемет күтіп тұрар.

Паровозбен жолға шығады, орындықтарына отырады, осы кезде Қоян шығады)

Қоян: Ми-ми-ля-ля-ля-фа... бұл нота маған жазуға кедергі жасауда. Оны неге мен ұстап алдым?

Бала: Қымбатты Қоян, сіз өз ертегіңізде ноталарды кездестірмедіңізбе?

Қоян: ия, олар тіпті де маған керек емес. Мен музыка жазбаймын, ал өлең жазамын, бірақ бүгін мен ештеңе істей алмай жатырмын. Достар сіздер маған рифмін айтпайсыздарма?

Бала: Қоян, сен поэзия әуесқойы болсаң, біз саған танымалы ақындардың өлеңдерін оқып береміз, ал сен бізге нотанды сыйға тарту етсең болды.

Қоян: Қуана тыңдаймын, мүмкін маған шабыт келіп қалар.

Тақпақтар

Қоян: Ой, сол, сол сияқты...

Бала: Кім сол?

Қоян: Ой кешіріңіздер, маған шабыт келді, мен кетуім керек. Ал нотаны сіздерге сыйлаймын.

Бала: Алақай! Бірінші нота табылды. Саяхатты жалғастырайық.

Орындықтарына отырады, оқымысты Мысық шығады.

Мысық: Математика сабағы басталады. Мені қайталаңыздар:

Екіге екіні қоссаңдар?

- Төрт

- Ол әрине, бүкіл әлемге белгілі.

- Алты емес, жеті емес-олда бізге белгілі.

Ой, мен ән айтып кеттім бе? Бүгін математиканың орнына, қайдағы ноталар ойыма орала бергені. Нотаның мұнда не қатысы бар, түсінбедім?

Бала: Құрметті оқымысты Мысық. Бұл нота, бір әдемі ән үшін қажет, бізге сыйға тартпайсызба?

Мысық: Неге сыйламасқа? Тек менің тапсырмамды орындаңыздар.

Математикалық тапсырма

Мысық: Сабақ аяқталды, сау болыңыздар.

Маша мен Аю шығады, Машаның қолында нота

Маша: Миша, «Плие», қарлығаш болшы, аяқтарыңды үшінші позицияға қой, ал енді алтыншы позицияға. Ой, қандай өрескел, қолайсызсың. Ең болмаса, бір ән салшы.

Аю: Жооқ. Маған бала кезімде-ақ айтқан, музыкалық қабілетің жоқ деп.

Маша: Ең болмаса, осы нотаны салшы.

Бала: Бұл біздің нотамыз ғой. Маша. Бізге бер нотаны.

Маша: Жарайды. Мен нотаны беремін, ал сендер Мишаны билеуге үйретесіңдер ме?

Бала: Ия. Тамашалаңыздар.

Қуыршақтар биі

Маша: Міне сіздерге нота. Ой, қандай жақсы, сізде болған. Миша кетейік, бәлішпен шәй ішейік.

Бала: Міне тағы бір нотамыз табылды.

(Балалар саяхатқа аттанады, шеңбер жасап, қонақтарға қараптұрады, Тышқан шығады)

Тышқан: Сәлеметсіздерме, балалар, ұлдар мен қыздар. Мынаны сендер жоғалтып алған жоқсындарма?

Мен Тышқанмын-спортшы,

Мен қонақтарды жақсы көремін.

Тапсырмаларымды орындасандар, нотаны беремін.

(А. Ермолованың әуенімен жаттығу жасау)

Тышқан: Міне сізге нота, алыңыздар. Сау болыңыздар балалар.

(Нотаны беріп, кетеді. Әуенменкөңілді Айдаһар кіреді)

Ән «Дракоша» Сөзі М. Пляцковский, музыкасы В. Шаинский

Бала: Айдаһар, сен сондай әдемісің, бізбен өте жақсы биледің. Сен қайырымды, көңілді, өте жақсысың.

Айдаһар: Сіздер маған өте әдемі сөздер айттыңдар, мен сіздердің нота іздеп жүргендеріңді естігенмін, ал менде сол нотаның біреуі бар.

Бала: Міне керемет, біздің ноталарымыздың қатарына тағы бір нота қосылды.

(Балаларға нотаны беріп, кетеді. Цирк нөміріне арналған әуенмен Аю-панда шығады)

Панда: Эх, маған цирк өте ұнайды. Әуе гимнастарын, сайқымазақты, үйретілген аңдарды көру арман, ал фокусшылар маған қатты ұнайды.

Бала: Ал біз саған фокус көрсетейік, қалайсыңба?

Фокустар

Панда: Қазір мен сендерге фокус-покус көрсетем. (Нотаны шығарып)

Алыңыздар, бұл сіздерге. Сіздер іздеп жүрсіңдер ғой, солай ма? Сау болыңыздар. (Балалар ноталарды іліп, ары қарай саяхатқа аттанады)

Бала: Қараңдар, қанша нота, енді ноталарымыздың қатарында бір нота ғана жетпейді, ол қайда болуы мүмкін? Бізге кім көмектеседі?

Бала: Мен білемін, бізге Музыка періштесі көмектеседі. Қәне оны шақырайық. (Шақырады, Музыка періштесі шығады)

Періште: Мен қайырымды, сыйқыршы періштемін. Ғажайыптарда жасау қолымнан келеді. Жай періште емеспін ғой, нотаны да табамын. Мен сіздердің ойлау, есте сақтау қабілеттеріңізді тексеру үшін тапсырма әкелдім. Тапсырманы дұрыс орындасандар, сіздерге нотаны сыйға тартамын. (Балалар кроссворд шешеді)

Кроссворд

Періште: Жарайсыңдар, ақылды балалар, кроссворд тапсырмаларына жауап бердіңдер. Сіздер бидің марштан, әннен айырмашылығын атадыңдар, балет, опера, симфонияның не екенін айтып өттіңдер. Мұның бәрін ән-саз және би оқу іс-әрекетінде үйрендіңдер. Әрқашан музыкамен дос болыңдар. Тіпті мектепке бірінші сыныпқа кетсеңдерде, балалар шығармашылығы үйірмелеріне, қаламыздың шығармашылық студияларына, музыкалық мектептеріне барыңыздар. Жарайма?

Балалар: Ия.

Ал мынау сіздердің нотаңыз. Барлық ноталар өз орынында. Біз барлық тапсырмаларды орындадық. Енді сіздер үшін тосын сый, онда әуен.

Ән «Наши дети», Әні мен сөзі Александр Морозовтікі

Жүргізуші: Біз алысқа саяхаттадық,

Әуенді-сазды елде болдық,

Әсем әуенмен көңілденіп,

Ноталардан ән құрадық.

Жүргізуші: Әнде салдық, би билеп,

Шаршамадық нота іздеп.

Жүргізуші: Балалар әнін салады,

Көңілді, қызық болады.

«Көңілді ән», Әнімен сөзі А. Ермоловтікі

(Ойын-сауық кешенінен соң балалар топқа кетеді)